


# ЭКОЛОГИЯНЫН ДАМУ

## ЖОЛДАРЫ


# Г.Спенсер

- **Спенсер Герберт** ағылшын философы және социологы, позитивизмнің негізін салушылардың бірі.
- Спенсердің философиялық көзқарасы О. Конттың, Д.Юмның, Дж.Милльдің әсерімен қалыптасты. Спенсер дүниедегі құбылыстарды білгенімізбен олардың мәнін танып, жете алмаймыз деді. Оның дәлелдеуінше кез келген ғылым ұғым қарама-қайшылыққа толы, сондықтан да түсініксіз. Ғылым жеке тұлғаның тәжірибесіне немесе жалған негізге сүйенгендіктен құбылыстардың ішкі мәніне бойлай алмайды деп білді. Объективті дүниені танып-білуге болмайды деген ұйғарым діни көзқараспен сабақтасып жатуынан, Спенсердің ғылым мен дінді ұштастыратыны көрінеді. Спенсер дін ілімінде агностицизм объективті идеализм элементтерімен ұштасып жатады. Спенсердің эволюц. тұжырымдамасы оның әлеум. көзқарасымен қоғамның органик. теориясы деп аталатын іліміне негіз болды. Спенсер социалдық құрылымға қарсы болып, төңкерісшілдікті қоғамдық организмнің індеті деп білді.




# Г.Тард

- ▣ Әлеуметтанушы Г.Тард негізгі әлеуметтік үрдіс еліктеу деп санады. Тардтың еліктеу қағидасы тұлғааралық және топтық өзара әрекет саласына таралады. Әлеуметтанудың негізгі әдістері ретінде Тард археологиялық және статистикалық әдістерді белгіледі. Бірінші тарихи құжаттарды талдауда қолданса, екінші әдіс қылмыс мәселелерінің әлеуметтік-статистикалық зерттеуінде қолданылады.



# Ф.Тённис

Фердинанд Теннис (1855 - 1936 ж.ж.) - неміс әлеуметтанушысы, немістің классикалық әлеуметтануының негізін қалаушы. Оның өлемдік әлеуметтануға қосқан негізгі үлесі - теориялық ұғымдар жүйесін өзірлеуі. Оның бастауы "Gemeinschaft und Gesellschaft" (1887) деген еңбегінде жатыр. "Gemeinschaft" ұғымын орыс тіліне аудару өте қиын. Аударманың бекітілген нұсқасы — "қоғамдастық", "қауым". Ал "Gesellschaft" тура аудармасы — "қоғам" — дұрыс болғанымен, әлеуметтік байланыстардың жеке түріне қарағанда, олардың жиынтығы туралы ұғымын көбірек қаузаиды. "Gemeinschaft" ұғымын Теннис сонымен қатар, шаруалық-деревнялық қауымға да қолданады, ал "Gesellschaft" ұғымын индустриалды қалалық қоғамға қатысты қолданады. Олардың арасындағы негізгі айырмашылықтар мыналар: 1) "Gemeinschaft" адамдардың "қауымдық принциптер мен бұқаралық құндылықтарға сәйкес өмір сүретінін болжаса, ал "Gesellschaft" түріндегі қоғам жеке пайдаға ұмтынысқа негізделеді; 2) "Gemeinschaft" — әдет-ғұрыпқа басты маңыз берсе, "Gesellschaft" формалды заңдарға негізделеді; 3) біріншісі шектелген және дамымаған мамандануды білдірсе, екіншісінде арнайы мамандандырылған кәсіби рөл көрініс береді; 4) біріншісі - діни құндылықтарға, екіншісі - зайырлы құндылықтарға сүйенеді; 5) "Gemeinschaft" негізінде - отбасы мен қауым, "Gesellschaft" негізінде адамдар бірлестігінің ірі корпоративтік және ұғымдық нысандары жатыр. Теннис әлеуметтануында алдыңғы дәуірге тән болып келген әлеуметтік-философиялық саудаға салудан алынған үшқары ұстанымдар, саяси нұсқамалар және моральдық үрдістер тарихының философиясына жат болып келген объективті, ғылыми әлеуметтану жасауда алға жылжу байқалады. Әрине, Т. әлеуметтануының



# Э.Дюркгейм

- **Дюркгейм** (басты еңбектері- «қоғамдық еңбек бөлінісі жөнінде», «Әлеуметтік тәсел ережелері») жаңа әлеуметтік ойды құрастырды. Оның мәні қоғамды әлеуметтік фактілер жиынтығынан қалыптасқан, әлеуметтік шындық ретінде қарастырды. Осы фактілерді зерттеу әлеуметтану пәнін құрайды. Әлеуметтік фактілерді статистикалы түрде зерттеу ұсынды. Әлеуметтік фактілерге ол ұжымдық әдеттерді, дәстүр, тәртіп ережелерді жатқызды. Дюркгейм пікірі бойынша, барлық адам көріністері тәртіп үлгілерінде құралады: жалпы елес, жалпы бағалау, жалпы сезімдер мен әрекеттер. Оның ойынша, бұның бәрі ұжымдық таным. Дюркгеймнің орасан зор еңбегі қоғамды құнды-норма жүйесі ретінде белгілеуі жатады. Әлеуметтік тәртіп үнемі қандайда бір тәртіп ережелерімен реттеледі. Анатомия концепциясына негізделіп, ол өзін-өзі өлтіру құбылысын зерттеді. Зерттеу нәтижесі негізінде келесі қорытындыларға келді, дағдарыс немесе айқынды өзгерістер кезінде өзін-өзін өлтіру деңгейі әдеттегіден елеулі өседі.

